

ФИЛОЛОГИЯ

ӘОЖ 82.0;82.09; МҒТАР 17.01.07

<https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.141>Ш. ИБРАЕВ^{ID}

филология ғылымдарының докторы, профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркология ғылыми-зерттеу институты
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: shakimashrip.ibrayev@ayu.edu.kz

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ӘДЕБИЕТТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІНІҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа. XX ғасырдың басында қазақ ғылымының көш басында болған А. Байтұрсыновтың әдебиеттану саласындағы еңбегі сол тұстағы Еуропа және Ресей ғалымдарының антропологиялық, психоаналитикалық және көркемдік-эстетикалық тұғырнамаларымен сабақтасып жатыр. Кеңістік идеология үстемдік құрмай тұрып жарыққа шығып үлгерген «Әдебиет танытқыш» кітабының теориялық негіздемелерінің түп төркініне зер салар болсақ, онда сөз еркіндігі, ойлаудың әдіске, ағымға, белгілі бір көзқарас жүйесіне байланып қалмай, болмысты объективті түрде бейнелеуге қарай ұмтылыс жасау керектігін тұтастай пайымдаған. Ғалымның Еуропа және Ресей әдебиеттану ғылымында басымдыққа ие болып, қанат жайып келе жатқан ізденістердің шығармашылық еркіндікке қарай ұмтылысын дөп басқаны байқалады. Ізденістің кейде нәтижесіз аяқталған тәжірибесін де талдай отырып, одан қазақ әдебиетін сақтандырады. XX ғасырдың басында орын алған формализм мектебінің бір жақты форма қуалап, жасанды сөз жасаумен әуестенген әрекетін сынға алады. Бұл ретте Абай поэзиясын жасандылық атаулыдан аулақ, шынайы шығармашылықтың үлгісі ретінде алға тартады. Абайдың сөзді алаламай, барын бардай шындыққа және көркемдікке қызмет ететін сөз қолданысын шебер пайдаланғандығын тұғырнамалық ұстанымға айналдырады. Ғалымның позициясы бойынша сөздерді сұрыптап бөлмеу және талдау үшін мәтін тұтастығына мән беру – шығарманың табиғатын шынайы тануға, сол арқылы жазушының көзқарасы мен психологиясына, суреткерлік болмысына жақындауға мүмкіндік беретін жол екенін негіздейді.

Түркология ғылымының тарихында «Радлов кезеңі» аталып жүрген XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы еуропалық және ресейлік антропологиялық бағыттағы ізденістермен сабақтасып жатқан А. Байтұрсыновтың зерттеулері қазақ әдебиеттануын сол дәуірдегі озық ғылыми тәжірибеге қарай бағыттағаны анық. Көркемдік ізденісте де, әдебиеттану ғылымының даму жолында да еуропалық тәжірибеге қарай ұмтылыстың маңыздылығын атап

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Ибраев Ш. Ахмет Байтұрсыновтың әдебиеттану саласындағы еңбектерінің теориялық негіздері // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №1 (135). – Б. 7–14. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.141>

***Cite us correctly:**

Ibraev Sh. Ahmet Baitursynovtyn adebiettanu salasyndagy enbekterinin teorialyq negizderi [Theoretical Bases of A. Baitursynov's Works in the Field of Literary Studies] // *Iasaui universitetinin habarshysy*. – 2025. – №1 (135). – В. 7–14. <https://doi.org/10.47526/2025-1/2664-0686.141>

Мақаланың редакцияға түскен күні 08.01.2025 / қабылданған күні 30.03.2025

көрсеткеніне қарағанда, бұл жол тәуелсіз елдің әдебиетінің қалай болуы керектігімен бірлікте пайымдалғанын көрсетеді.

Кілт сөздер: теория, әдебиеттану, антропология, психология, пән, мәтін.

Sh. Ibrayev

Doctor of Philological Sciences, Professor

Research Institute of Turkology,

*Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: shakimashrip.ibrayev@ayu.edu.kz*

Theoretical Bases of A. Baitursynov's Works in the Field of Literary Studies

Abstract. Abstract. A. Baitursynov's work in the field of literary studies, who became the leader of Kazakh science in the early 20th century, is intertwined with the anthropological, psychoanalytical, and artistic-aesthetic platforms of scholars in Europe and Russia at that time. If we judge by the foundations of the theoretical justifications of the book *Literary Studies*, which was published before Soviet ideology came to dominate, it was generally assumed that freedom of speech and the desire to think should not be bound to a method, movement, or a specific system of views, but rather to the objective portrayal of existence. One can trace the scholar's aspiration for creative freedom in research, which was becoming a priority in European and Russian literary science.

Analyzing the at times unconvincing experiences of such searches, he warns Kazakh literature against them. He criticizes the attempts of the Formalism school, which emerged in the early 20th century and was preoccupied with one-sided form and artificial word formation. At the same time, Abai's poetry is promoted as a model of genuine creativity while avoiding artificiality. From a postmodernist perspective, Abai skillfully uses language to serve both truth and art without being constrained by excessive formalism. To avoid unnecessary dissection of words, Baitursynov argues that emphasizing the integrity of the text is the key to truly understanding the nature of a literary work, thereby approaching the writer's vision, psychology, and artistic expression.

It is obvious that A. Baitursynov's studies, which aligned with European and Russian anthropological inquiries of the late 19th and early 20th centuries – a period noted in Turkological science as the “the Radlov period” – led Kazakh literary studies toward the advanced scientific practices of that era. Rather than simply emphasizing the importance of striving for European experience in both artistic exploration and the development of literary studies, his approach demonstrates that the literature of an independent nation should be understood in unity with its historical and cultural identity.

Keywords: theory, literary studies, anthropology, psychology, discipline, text.

Ш. Ибраев

доктор филологических наук, профессор

Научно-исследовательский институт тюркологии,

*Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: shakimashrip.ibrayev@ayu.edu.kz*

Теоретические основы трудов Ахмета Байтурсынова в области литературоведения

Аннотация. Вклад А. Байтурсынова в казахскую науку в начале XX века, особенно в области литературоведения, связан с антропологическими, психоаналитическими и художественно-эстетическими подходами, характерными для европейских и российских ученых того времени. Если обратиться к теоретическим основам книги «Әдебиет танытқыш»

(Знакомство с литературой), которая успела выйти в свет до того, как стала доминировать советская идеология, то можно заметить, что в ней содержится стремление к свободе слова, к тому, чтобы мышление не было привязано к методу, течению или системе определенных взглядов, а было направлено на объективное изображение реальности. Прослеживается стремление ученого к творческой свободе поисков, которые становятся приоритетными в европейской и российской литературоведческой науке. Анализируя имеющийся опыт, даже безрезультатный, он предостерегает от подобных ошибок в казахской литературе. Ученый критикует деятельность школы формализма, получившей свое развитие в начале XX века, которая, гоняясь за формой и увлекаясь созданием искусственных слов, игнорировала глубину содержания. В этом контексте он выдвигает поэзию Абая как пример подлинного творчества, свободного от искусственности. Абай использовал слова, которые служат истине и художественности, не разделяя их, и это становится основным принципом его трудов. Согласно позиции ученого, отказ от сортировки слов и внимание к целостности текста позволяют глубже понять природу произведения, а значит, приблизиться к мировоззрению, психологии и художественной сущности писателя.

В истории тюркологии исследования А. Байтұрсынова, связанные с антропологическим направлением европейских и российских поисков конца XIX-начала XX века, которое в науке получило название «периода Радлова», ясно указывают на стремление ориентировать казахское литературоведение на передовой научный опыт того времени. Подчеркивая важность ориентации на европейский опыт как в художественных поисках, так и в развитии литературоведения, он показывает, что этот путь был осмыслен с учетом того, каким должно быть литературное наследие независимого государства.

Ключевые слова: теория, литературоведение, антропология, психология, предмет, текст.

Кіріспе

Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған Ахмет Байтұрсыновтың еңбегін қазіргі заманғы әдебиет теориясы және әдістеме тұрғысынан пайымдаудың маңызы күн санап артуда.

Оның «Әдебиет танытқыш» еңбегі қосымша деректерге қарағанда 1921–1922 жылдары жазыла бастаған. Кітап болып редакциялаудан, цензурадан өтіп, баспадан шыққан мезгілі Қызыл-Орда–Ташкент, 1926 жыл (Байтұрсынұлы Ақмет. Әдебиет танытқыш. Бірінші басылымы. Қазақстан мемлекет баспасы. Қызыл-Орда – Ташкент, 1926 ж.). Тұтастай алып қарағанда, әдебиет теориясына, әдебиеттануды пән ретінде жүйелеп, ғылыми тұрғыдан жинақтауда қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға. Тіптен түркі халықтарында да орын алмаған ерекше жағдай.

Бұл еңбектің мән-маңызы, жазылуға себепкер болған әлеуметтік негіздемелері, теориялық алғышарттары арнайы қарастыратын мәселе екендігі анық.

Кітаптың орысша атауында зерттеу материалдары және әдістері Ұлттық қауіпсіздік комитеті мұрағатындағы мәлімет бойынша «Теория словесности» деп берілген. Демек, «танытқыш» сөзінің мәні қазіргі біздің қолданыстағы «әдебиет тану» тіркесіндегі сөздің теориялық және әдіснамалық ғылыми пән ұғымын береді.

Қазақ әдебиеттану ғылымының XX ғасыр басындағы теориялық негіздемелерінің сол дәуірдегі Ресей және Еуропа ғылымының дамуымен сабақтастығы байқалады. Әдебиеттану ғылымының пән ретінде жинақталуын және қазақ әдебиетінің болмыс-бітімін тануға деген ұмтылыстың өзіндік бағыт-бағдарын тұтастай пайымдау қажет.

Зерттеу әдістері мен материалдар

А. Байтұрсыновтың еңбегі салыстырмалы типологиялық аспектіде қарастырылады. Сол тұстағы Еуропа мен Ресей елдерінің әдебиеттануында орын алған ғылыми үрдістердің ықпалын әдебиеттің тұтастай пән ретінде пайымдалуынан, сөздің көркем шығармаға айналу үдерісінен, антропологиялық аспектісінен көруімізге болады.

Осы ретте А. Байтұрсыновтың теориялық ұстанымының және ол сүйенген тұғырнамалық пікірлердің негіздемелері «Әдебиет танытқыш» кітабында, Абай туралы жазған «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында, сондай-ақ Абайдың сөз қолданысын және шеберлігін нақтылы талдаған тұста практикалық шешімін тапқан деуге болады.

Мақалада А. Байтұрсынов еңбектерінің теориялық аспектілеріне де, олардың іс жүзінде қолданылу тәжірибесіне де назар аударылатын болады.

Талдау мен нәтижелер

«Әдебиет танытқыш» кітабының ұстанымдарына және талдау жүйесіне тұтастай назар салғанымызда теориялық және әдіснамалық тұғырнамаларға негіз ретінде алынған ізденістердің дені сол тұстағы еуропалық антропологиялық және психоаналитикалық мектептердің дәстүрімен үндесіп жатқанын көреміз. Мәселені осылай қоюдың тарихи-әлеуметтік себептері бар. Бұл бір құрмет үшін айтыла салған сөз емес. Байыппен пайымдалатын аса түйінді мәселе.

XIX ғасырдан бастап қазақ халқының тіліне, фольклорына, әдебиетіне, этнографиясына қатысты деректерді жинау, жариялау және зерттеу жұмыстарының бағыт-бағдары еуропалық үлгіде жүргізілді, атап айтқанда, түркологиялық зерттеулердің дені антропологиялық аспектілерде қолға алынды. Осыған сәйкес XIX ғ. соңғы ширегі мен XX ғ. 30-шы жылдарына дейінгі кезең түркологияда «Радлов дәуірі» деп аталып келе жатыр [1, 3-б.].

«Әдебиет танытқыш» еңбегінің жазылу себебінің бастапқы негізінде қазақ әдебиетінің тек қана жазбаша дәстүрін пайымдау, көркемдік кестесін жеке-дара мазмұн мен формадан тарату ұстанымы тұрмағанын байқауға болады. Онда әдебиеттің де, фольклордың да, ауызша айтудың да, жазбаша өнердің де ерекшеліктері тұтастай пайымдалады. Бұған қоса осы құбылыстың ішкі компоненттері өзара байланыста екендігі, бір-бірімен шектес жатқандығы айқын аңғарылады. Бұл жағдай сол тұстағы Еуропа фольклортануы мен әдебиеттануына да тән өзгешелік [2, 74-б.].

1858 жылы Берлинде білім алып, осында диссертациясын қорғаған В.В.Радлов өзінің барлық қызметін Ресей Ғылым академиясында жалғастырды. Ол ұзақ жылдар «Антропология және этнография» музейін басқарды.

Қазақ тілін, фольклорын, әдебиетін, этнографиясын зерттеудің осы айтып отырған «Радлов дәуірі» Еуропада орын алған антропологиялық мектептің аясында жүргізілгенін алдымен атап өткеніміз орынды [3, 44-б.]. Себебі Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» еңбегінің жазылу үдерісіне ықпал еткен әлеуметтік және ғылыми басты факторлардың бірі ретінде бұл жағдайды ескерусіз қалдыруға болмайды. Бұл – бір.

Екіншіден, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы орыс әдебиетінің дамуы мен пән ретінде пайымдалуының басы-қасында Еуропаның даму үлгісі тұрды. Атап айтқанда, XIX ғасырдағы реализм дәстүрі 1900–1910 жылдар аралығында неореализм ағымымен жалғасты. Бұл үдерістің қайнар көзінде еуропалық модернизмнің тұрғанын зерттеушілер атап көрсетеді. Мұнда сөздің тура мағынасына емес, астарына үңілу, подтекстік ойлаумен және рухани өріспен байланысын ажырату алдыңғы қатарға шыға бастайды. Тіл мен ойлаудың табиғаты өзара құндақтаулы контексте қарастырылады.

Осы жағдай көп ұзамай еуропалық символизмді Ресей әдебиетіне де алып келді. Көрініп тұрған материялық дүниенің арғы жағына үңілу, мәңгілікпен байланысын сезіну, «құпияның кілтін» табуға ұмтылу сияқты үдерістер бедерленіп шықты [4, 3-б.].

Еуропа символизмі А. Шопенгауэр, Р. Вагнер, Ф. Ницше сияқты ойшылдардың философиялық ізденістерімен сабақтасып жатқаны белгілі жайт. Шығармашылықтың мистикалық аспектісіне ой жіберуде «менде осы бір жағдай бар» («Я несла в себе...») дейтін өзін-өзі сезінудің табиғаты сөз ұстартумен тікелей астасып жатқан құбылыс.

«Әдебиет танытқыш» кітабына қай жағынан үңілсеңіз де сөздің бейнелілігі мен көркемдігі ғана емес, санамен, ойлаумен, шығармашылықтың құпия сырымен байланыстылығы бедерленіп шығады. Сәйкестікті кездейсоқ деп айтуға болмайды.

Бұл мәселені таратпас бұрын тағы бір жағдайға назар аударғым келеді.

Символизмнен кейін көп ұзамай тағы да сол еуропалық антропологиялық дәстүрдің ықпалымен Ресейде акмеизм және футуризм ағымдары пайда болғаны белгілі. Дүниенің заттық болмысын, материалдық табиғатын және жаратылысын ашуға ұмтылған бұл ағымдар символизмге қарама-қарсы бағытта болған сияқты көрінгенімен, іс жүзінде сол символизмнен өсіп-өніп шықты. Орыс футуризмінде италян футуризмін айрықша ықпал етті. «Әдебиеттің жаңа жолын» футуристер ең алдымен сөз өнерінің мүмкіндіктерінен іздеді.

Бір қызығы футуризмнің бір тармағы – кубафутуристер ақынның «сөздікті ұлғайтуын» («увеличение словаря») талап етті. Сонда бұл іс жүзінде бар сөзді түрлендіріп қолдану ғана емес, жоқ сөзді тыңнан жарату ұғымы болып шығады. Велимир Хлебниковтың пікірінше, сөз өнері «тілдің кітаби тасқа айналуына» қарсы тұруы керек («Наша основа», 1919) [4, 5-б.].

Футуристердің осы әрекетін А. Байтұрсынов сынға алды. Жаңадан сөз жасап, эксперименттік жолға түсу көркем әдебиетті дамытатын жол емес. Сондықтан да тілдің заңынан ауытқу арқылы әдебиетті дамытуға болмайды. «Бұл заңнан тысқары бағытынан жол саламыз дейтін «пұтыршылар» деген бар, бірақ олардікі – әлі жол санына кірмеген жоспар сияқты нәрсе» [5, 91-б.], – дейді.

Әлемдік әдебиеттану ғылымының кейінгі даму барысы қолдан сөз жасау арқылы сөз өнерін көркейтудің мүмкін еместігін орнықты тұжырымға айналдырғалы қашан. Сондықтан да А. Байтұрсыновтың сөзді жаңадан жасау емес, талғай білу әдебиет үшін маңызды деуі қапысыз шындық [5, 207-б.].

Әдеби тілдің де тіл заңымен жасалатынын, халықтың тілдік қоры негізінде жүзеге асатынын ғалымның мына бір пікірі анық белгілейді. «Сөздің өзін танытатын белгі тіл, яки лұғат белгісі болады. Ол белгі әр кісінің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салттануынан болады. Әркімнің өз салты болғанымен, ол салттар жалпы сөз тізу шарттарынан аса алмайды», – дейді [5, 27-б.]. Демек, не істелсе де, қалай түрленсе де шығарма ұлттық тіл шарттарынан шықпауы тиіс.

Футуризмге тиесілі формализмнің біржақты кеткен тұсын сынға алғанымен, А. Байтұрсыновқа сол тұстағы формализм мектебінің негізін салған Роман Якобсон, Борис Эйхенбаум, Виктор Шкловский сынды ғалымдардың еңбектерімен таныс болғандығы, олардың сөз табиғаты және тіл ұстартудағы қызметін пайымдаудағы пікірлері ықпал еткені байқалады.

Бұл мәселе бойынша жоғарыда сөз болған шығармашылықтың психологиясына қатысты мәселеге қайта оралайық. Иә, «Әдебиет танытқышта» сөз ұстартудың қызметі санамен, ойлаумен, шығармашылық актпен байланысты психоаналитикалық аспектіде таратылатыны – тұтастай алғанда, еңбектің бағыт-бағдарын, ғылыми мазмұнын, сипаттамалық белгілерін көрсетеді.

Осы ретте суреткердің шығармашылық акт барысында психологиялық үдерістерінің тілге өткенге дейінгі үш негізін А. Байтұрсыновтың жеке дара бөліп алуының теориялық-әдістемелік алғышарттары болғанына анық көз жеткіземіз. Олар саналаудың үш негізі: 1) ақыл, 2) қиял, 3) көңіл. Бұл ұғымдардың дені шығармашылық психологияға тиесілі екендігі мынадан аңғарылады: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңдегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау» [5, 26-б.].

Демек, бұл жерде біз екі мәселені анық бөліп ала аламыз: бірі – шығармашылыққа тиесілі сананың әрекет ету қызметі, дәлірек айтқанда, шығармашылық психологиясы, екіншісі – осы үдерістің тілде өрнектелуі.

Жоғарыда сөз болған XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында орыс әдебиетінде орын алған неореализм, символизм, футуризм ағымдарының негізінде тіл мен сөз өнері, тіл мен поэтика теориясы, тіл мен шығармашылық психологиясы, лингвистикалық поэтика мен әдебиет теориясы мәселелері қоян-қолтық араласып, бір-бірімен органикалық байланыста болды. Осы бір тұғырнамалық мәні бар теориялық-әдіснамалық ұстанымның негізінде еуропалық антропологиялық және философиялық ізденістердің нәтижелері тұрды. Мифтен, фольклордан, әдебиеттен тілдің заңдылықтарын іздеу ғана емес, ойлаудың грамматикалық үлгі модельдерін анықтау маңызды тенденцияға айналды. Бұған В.Я. Пропптың «Ертегі морфологиясы» (1928 ж.) және К. Леви-Стросстың мифтің грамматикалық жүйесін анықтағанын айтсақ та жеткілікті.

Түптеп келгенде, Еуропаның мәдени антропологиясында психоаналитика мен философиясында күні бүгінге дейін бұл құбылыс күн тәртібінен түскен емес. Структурализм, постструктурализм, герменевтика, феноменология сияқты әдебиеттанудың зерттеу бағыттарында антропологиялық тілдік және психоаналитикалық парадигмалар аса маңызды орында тұрады.

Осы ретте А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыштан» бұрынырақ жазылған Абай туралы «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласындағы бір мәселеге назар аударғым келеді. Онда мынадай бір ой айтылады: «Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайылығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалпынша дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, «Аттың сыны» деген өлеңінде сыпайышылық жүзінен құлаққа жағымсыз тиетін сөздер бар; бірақ аттың сынына керек мүшелері болған соң, оларын айтпаса, аттың сыны толық болып шықпас еді», – дей келіп: «Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректіктің үстіне, Абай әр түрлі Европа білім иелерінің кітаптарын оқыған» [1, 12-б.].

Пікір бір арнаға құйылды. Алдымен, ақиқатты айтуға келгенде тіл әр нәрсені өз қалыбында бейнелеуі тиіс, сосын еуропалық үлгі бойынша ойды, қиялды, бейнелілікті тіл шектемеуі тиіс, үшіншіден, қолдан жасалған «сыпайылықтың», «сөздің ажарын» қуып кетудің шынайы өнерге берері шамалы екендігі соқталанып шықты.

Осы тұста біз Еуропа мен Кеңес Одағындағы әдебиеттану ғылымдарының жол айрығына келген межесіне тірелеміз. Еуропа ғылымы болса А.Байтұрсынов тұсындағы тіл мен көркем шығарма бірлігін ары қарай түрлі зерттеу ағымдары мен теориясына сәйкес жалғастыра дамытты. А. Байтұрсыновтың «шығарма сөз» деген терминінің мәні Еуропада «мәтін», «дискурс», «нарратив», «герменевтикалық парадигма» дейтін ұғымдарға қарай ойысты. Әділін айтсақ, Еуропада жалғасын тапты.

Ойлаудың еркіндігі, күні бұрын өлшеп-пішілмеген мазмұнға бағындырылмауы әдебиеттің адам болмысының жаңа қырын ашатын, ойлаудың өрісін кеңейтетін мүмкіндігіне жол ашады [6, 40-б.]. Еуропалық әдебиет пен әдебиеттану ғылымы осыған қарай бет бұрды. Іс жүзінде экзистенциалды талдаудың негізі осындай еркін ойлаудың, психологиялық алғышарттардың даралығына, өзіндік ерекшеліктеріне қарай бағытталуы психотерапевтік негізге қойылды [7, 29-б.].

Ал Кеңестік жүйеде тіл мен шығармашылық психология бір-бірінен анықтап тұрып ажыратылды. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап: тіл – базис, әдебиет – қондырма дейтін марксистік-материалистік тұғырнама ғылыми ой-пікірде мықтап орнықты. Қондырма толығымен идеологиялық бақылаудың қарамағына көшті. Сөз өнерінің лингвистикамен байланысы ұғымдардың тілдік категорияларға айналған нәтижесін ғана қарастырды. Кеңестік жүйе әдебиетке идеологиялық мәртебе беруге мүдделі болды.

Егер бұл қисынмен жүрер болсақ, онда әдебиет қана емес, тіл арқылы айтылған кез келген ой қондырма болады. Себебі ол қай тұрғыдан алсақ та қандай да бір ойдың көрінісі.

Осыған сәйкес тіл білімі мен әдебиеттануда қалыптасқан жағдайды А.Т. Хроленко былайша сипаттайды: «Тілші сөздердің септелуіне және жіктелуіне, кітаби және ауызекі қарапайымдылығына, ескірген және диалект сөздер болғанына қарай ажыратады, бірақ жақсы және жаман сөздер деп бөлмейді. Әдебиетші болса, керісінше, ең алдымен жақсыларын жамандарынан бөліп алып, сөздің жақсыларына ғана көңіл бөле бастайды» [8, 72-б.], – дейді.

Сөздерді осылай іріктеу мәтін тұтастығын бұзатын әрекет. Біржақтылыққа жол береді.

Әдебиеттанудағы бұл тенденцияның өзгеруі структурализммен байланысты [9, 9-б.]. Нақтырақ айтқанда, мәтінді тұтас құрылым (структура) түрінде қарастыру үдерісінде оның құрылымдық компоненттерін керегінше бөліп алып, «эстетикалық» мәніне қарай ажыратып, жеке-жеке сұрыптап отыру мүмкін болмай қалады. Сондықтан да мәтінтануда қазіргі заманда «деэстетизация» үдерісі жүріп жатыр [10, 47-б.].

Бұл жағдайдың бастамасында ХХ ғ. басындағы лингвистикалық поэтиканың ізденістері тұрғанын, мәтін тұтастығынан туындайтын тұғырнамалардың орын алғанын аңғарамыз [11].

А. Байтұрсыновтың Абай өлеңдеріндегі сөздердің жағымды немесе жағымсыз, сыпайы немесе тұрпайы болып бөлінбейтіні мәтін тұтастығына, ұғымның бүтіндігіне байланысты болып шығады.

Мәтіннің тұтастығын сақтау – автордың эстетикалық ойлау жүйесінің феномендік табиғатын ашатын бірден-бір тиімді жол. Зерттеудің базистік алғышарты осымен белгіленеді. Мәтін – алдымен тілдік, сосын барып эстетикалық құбылыстың бірден-бір айғақты материалы.

Ал суреткер санасының қайталанбайтын феномендік бітімі, сөзге дейінгі психоаналитикалық үдерістер, бейсанадағы архетиптік бейнелер, батыстың, демек, идеалистік философияның нысанасына айналды. Біз күні кешеге дейін солай деп келдік.

А. Байтұрсыновтың өзін де, сөзін де жоғалтқан мезгілді бастан кешірдік. Ғалымның мына сөздері қазір де күн тәртібінен түскен жоқ: «Қазақтың сындар әдебиеті Еуропа үлгісімен келе жатыр. Және сол бетімен баратындығы да байқалады. Еуропа әдебиетіндегі сөз түрлері бізде әлі түгенделіп жеткен жоқ. Бірақ қазір болмағанымен, ілгеріде болуы ықтимал» [5, 208-б.], – дейді ғалым.

Қорытынды

Ғалымның еуропалық үлгіге қарай ұмтылысының мәні қазақтың әдебиеттану ғылымының даму деңгейін адамзаттың алдыңғы көшімен жалғастыруға деген ойымен қабысып жатыр.

Әдебиеттанудың ғылыми парадигмаларын еуропалық үлгімен түгендейтін уақыт әлдеқашан келіп жетті. Ол үшін біз материалистік философияның ықпалынан арылдық па деген заңды сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап беру үшін біз алдымен А. Байтұрсыновтың еңбектерін еуропалық контексте пайымдап алғанымыз орынды болмақ.

Шығармашылықтан орын алатын ойлаудың және сезінудің белгілі бір тұғырнамаларға күні бұрын байланбай, бұл үдерістің еркін болуы түптеп келгенде, көркем шығарманың өміршеңдігінің кепілі. Өйткені онда ақиқатты тануға деген шынайы ұмтылыс болады. Әдеби дәстүрдің және әдебиеттанудың еуропалық үлгісінің замана көшіне еркін еруінің сыры осында. А. Байтұрсынов осы жағдайды ұғынып қана қоймаған, осы ұғымды оқулыққа айналдырған тұлға. Осыдан көп ұзамай әдебиеттің де, әдебиеттанудың да идеологиялық ұстанымдарға байланғанын жақсы білеміз.

А. Байтұрсынов өнегесі әлі көкейкесті қалпында.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Насилов Д.М. Российская тюркология наших дней // Российская тюркология. – 2009. – №1. – С. 3–7.
2. Богданов К. Повседневность и мифология: исследование по семиотике фольклорной действительности. – СПб.: Азбука, –Азбука-Аттикус, 2015. – 416 с.
3. Ибраев Ш. Түркология: ғылыми парадигмасы және пәнаралық сипаты // Turkic Studies Journal. – 2019. – №2. Vol. 1. – Б. 41–51.
4. Чагин А.И. Литература. Конец 19 века – начало 20 века // Большая российская энциклопедия. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2004.
5. Байтұрсынұлы А. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. 2-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К., Исмахова А., Рақыш Ж., Мұстафаева К., Ахмет Ә. – Астана: Smart University Press, 2023. – 876 б.
6. Брокмейер Й., Харре Р. Нарратив: проблемы и общения одной альтернативной парадигмы // Филологические науки. – 2000. – №3. – С. 29–42
7. Лэнгле Альфрид. Основы экзистенциального анализа. – СПб.: Питер, 2022. – 288 с.
8. Хроленко А.Т. Основы современной филологии. – М.: ФЛИНТА: Наука, 2013. – 352 с.
9. Смулянский А.Е. Исчезающая теория. Книга о ключевых фигурах континентальной философии. – М.: РИПОЛ классик, 2021. – 496 с.
10. Философия и филология. Круглый стол // Новое литературное обозрение. – 1996. – №17. – С. 45–93.
11. Лукин В.А. Художественный текст. Основы лингвистической теории. Аналитический минимум. 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Ось – 89, 2005. – 559 с.

REFERENCES

1. Nasilov D.M. Rossiyskaia tiurkologia nashih dnei [Russian Turkology of our days] // Rossiyskaia tiurkologia. – 2009. – №1. – S. 3–7. [in Russian]
2. Bogdanov K. Povsednevnost i mifologia: issledovanie po semiotike folklornoj deistvitelnosti [Everyday life and mythology: Studies on the semiotics of folklore reality]. – SPb.: Azbuka, –Azbuka-Attikus, 2015. – 416 s. [in Russian]
3. Ibraev Sh. Turkologia: gylmy paradigmasi jane panaralyq sipaty [Turkology: scientific paradigm and interdisciplinary nature] // Turkic Studies Journal. – 2019. – №2. Vol. 1. – Б. 41–51. [in Kazakh]
4. Chagin A.I. Literatura. Konec 19 veka – nachalo 20 veka [Literature. Late 19th century – early 20th century] // Bolshaia rossiyskaia enciklopedia. – М.: Bolshaia Rossiyskaia enciklopedia, 2004. [in Russian]
5. Baitursynuly A. Shygarmalarynyn akademiyaq tolyq jinagy. Bestomdyq 2-tom [A complete academic collection of his works. In five volumes. Volume 2] / Tomdy qurastyryp, baspaga daiyndagandar: Matyjanov K., Ismahova A., Raqysh J., Mustafaeva K., Ahmet A. – Astana: Smart University Press, 2023. – 876 b. [in Kazakh]
6. Brokmeier Y., Harre R. Narrativ: problemy i obshenia odnoi alternativnoi paradigmy [Narrative: the challenges and promises of one alternative paradigm] // Filologiceskie nauki. – 2000. – №3. – S. 29–42. [in Russian]
7. Lengle Alfrid. Osnovy ekzistencialnogo analiza [Fundamentals of Existential analysis]. – SPb.: Piter, 2022. – 288 s. [in Russian]
8. Hrolenko A.T. Osnovy sovremennoi filologii [Fundamentals of modern Philology]. – М.: FLINTA: Nauka, 2013. – 352 s. [in Russian]
9. Smulianskiy A.E. Ischezaiushaia teoria. Kniga o kliucevyh figurah kontinentalnoi filosofii [A vanishing theory. A book about the key figures of continental philosophy]. – М.: RIPOL klassik, 2021. – 496 s. [in Russian]
10. Filosofia i filologia. Kruglyi stol [Philosophy and philology. The round table] // Novoe literaturnoe obozrenie. – 1996. – №17. – S. 45–93. [in Russian]
11. Lukin V.A. Hudojestvennyi tekst. Osnovy lingvisticseskoj teorii. Analiticeskiy minimum [Artistic text. Fundamentals of linguistic theory. Analytical minimum]. –2-e izd., pererab. i dop. – М.: Os – 89, 2005. – 559 s. [in Russian]